

2026 ЖЫЛҒЫ «АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР АУРУХАНАСЫ» ШЖҚ  
КМК-ның «Медициналық қызмет көрсетуде сыбайлас жемқорлық  
тәуекелдері» тақырыбында ұйымдастырылған ЖИЫННЫҢ хаттамасы

**Тақырыбы: «Медициналық қызмет көрсетуде сыбайлас  
жемқорлық тәуекелдері»**

Өткізілген күні: 05.02.2026 жыл

Төрағалық еткен: «Атырау облыстық балалар ауруханасы» ШЖҚ КМК  
директоры А.Т.Сабыргалиева

Хатшы: Комплаенс-офицер А.А.Темиргалиева

Қатысқандар: Орта буын қызметкерлері

### **Күн тәртібі**

1. Медициналық қызмет көрсету саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мәселелері.
2. Медициналық ұйым қызметіндегі ашықтық пен заңдылықты қамтамасыз ету.
3. Қызметкерлер арасында антикоррупциялық мәдениетті қалыптастыру..

### **ТЫҢДАЛДЫ:**

Жиналыста медициналық қызмет көрсету барысында туындауы мүмкін сыбайлас жемқорлық тәуекелдері талқыланды. Атап айтқанда: пациенттерден заңсыз сыйақы алу; медициналық қызметті кезексіз көрсету; дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды бөлу кезіндегі тәуекелдер; жалған есептілік жүргізу; мемлекеттік сатып алу рәсімдеріндегі заңбұзушылықтар; қызметтік өкілеттіктерді жеке мақсатта пайдалану мәселелері қаралды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтау, қызметтік әдеп нормаларын ұстану және азаматтардың құқықтарын қорғау мәселелері түсіндірілді.

**Төраға:** А.Т.Сабыргалиева- Жиналысты ашып, жиынға қатысушыларды

облыстық денсаулық сақтау басақармасы мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі тарапынан келіп жатқан қызметтік сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар тұрақты түрде жалғасатынын ескерте келе, қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу жөнінде қатаң ескертті.

**Темиргалиева А.А.:** ҚР 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының негізгі талаптарын таныстырды. Медициналық ұйымдардағы ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін атап өтті, әсіресе медициналық қызмет көрсету мен дәрілік заттарды алу бағыттарында. Ұжымда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар ұдайы жүргізіліп отыру қажет екендігін, сыбайлас жемқорлық туғызатындай жағдайларды болдырмауға жұмыстану қажет дей келе, адамда алдымен ішкі мәдениеттің, жемқорлық әрекеттеріне төзбеушілікке қасиеттердің, патриатизмдік сана сезім болғаны аса қажет. Сондықтан өзімізді және келешек ұрпақты биік рухпен тәрбиелеуге шақырды.

### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:**

Медициналық қызмет көрсету барысында Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары қатаң сақталсын.

1. Құрылымдық бөлімше басшыларына:


- қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бойынша бақылауды күшейту тапсырылсын.

2. Комплаенс-қызметке:

- профилактикалық іс-шараларды тұрақты ұйымдастыру;
- тәуекелдерге мониторинг жүргізу;
- анықталған кемшіліктер бойынша ұсыныстар енгізу жүктелсін.


3. Осы хаттаманың орындалуын бақылау комплаенс-офицеріне жүктелсін.

Атырау облыстық балалар  
ауруханасы директоры



Сабыргалиева А.Т.

Комплаенс-офицер  
(жауапты маман)



Темиргалиева А.А.